

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ 80 ЖАСТА!

С.Б. Нұрашов
 ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты» РМК
 Алматы, Қазақстан
 e-mail: nurashs@mail.ru

2026 жылдың қаңтар айының 1 – жұлдызында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Жалпы биология және геномика кафедрасының профессоры, белгілі ботаник-миколог ғалым Әбиев Сардарбек Әбиұлы 80 жасқа толып отыр.



Садарбек Әбиұлы Әбиев 1946 жылы қаңтардың 1 – жұлдызында Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қожакент (Өзгент) ауылында дүниеге келген. 1969 ж. Алматы қаласы Қазақ ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетін бітіріп, осы институттың фитопатология кафедрасында 1970–1973 жылдары аспирантурада оқыған. 1973 жылы Қазақ КСР ҒА Ботаника институтының споралы өсімдіктер биологиясы атты зертханасына жұмысқа орналасады да осы институтта (қазіргі аты ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты») 2005 жылдың сәуір айына дейін жұмыс істейді. Оның ішінде 1995–2005 жылдар аралығында осы институттың директоры, 1982–2005 жылдары споралы өсімдіктер (саңырауқұлақтар, қыналар және балдырлар) зертханасының меңгерушісі қызметтерін қатар атқарды. 1973 жылы кандидаттық, 1994 жылы ботаника және микология мамандықтары бойынша «Қазақстанның дәнді дақыл өсімдіктерінің тат саңырауқұлақтары» тақырыбында биология ғылымдарының докторы атағына диссертациялар қорғаған. 2001 жылы С. Әбиұлына профессор атағы беріледі. 2005 жылдың тамызынан Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің биология және экология кафедрасына жетекшілік етті. 2010 жылдан осы кафедралардан бөлініп дербес кафедраға айналған Жалпы биология және геномика кафедрасында профессор қызметін атқарады.

С. Әбиұлы елімізде эксперименттік микология мектебін қалыптастырушылардың бірі. Негізгі ғылыми еңбектері Қазақстанның табиғи және мәдени өсімдіктерін ауруға шалдықтыратын тат саңырауқұлақтарын зерттеуге арналған. Осы бағыттарда Қазақстанның барлық табиғи климаттық аймақтарына, көршілес жатқан Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей жерлеріне арнайы экспедициялар ұйымдастырып, сондай-ақ салыстырмалы зерттеу мақсатында Қырым, Кавказ, Камчатка, Сахалин жерлерінде ұйымдастырылған экспедицияларға қатысып, өсімдіктің паразитті саңырауқұлақтары жайында жан-жақты мәліметтер жинады.

Тағамдық маңызы бар (жеуге жарамды қалпақшалы) саңырауқұлақтарды колдан өсіру технологиясын жасау, олардың бағалы штамдарының коллекциясын құру мақсатында топ ұйымдастырып, оған жетекшілік етті. Қазақстанда ағаш текті өсімдіктердің афиллофоралар туысына жататын паразитті саңырауқұлақтарын зерттеуге, Республика көлемінде кездесетін балдырлардың флорасын, олардың ішіндегі улы түрлерін зерттеуге арналған ғылыми жұмыстарға, сондай-ақ 1997

жылдан бастап бірнеше Республикалық фундаменталдық бағдарламаларға жетекші болды. Олар «Қазақстанның флорасы мен өсімдіктер жамылғылары және өсімдіктерді жерсіндірудің ғылыми негіздері» (1997–1999 жж.), «Қазақстанның өсімдіктер әлеміне жан-жақты талдаулар жүргізу» (2000–2002 жж.), «Қазақстанның таулы аймақтарының флорасы мен өсімдіктер қауымдастықтары және еліміздің фитогендік қорын ботаникалық бақтарда байыту және сақтау» (2003–2004 жж.). «Көкшетау-Бурабай көлдері жүйелерінің альгофлорасы, адамдардың жаппай демалу аймағында су объектілерінің лайлануы мен «гүлденуін» тудыратын микро және макробалдырлардың түрлерімен күресуге ұсынымдар әзірлеу» (2012–2014 жж.). Бұл бағдарламалар Қазақстанның өсімдіктер дүниесінің қазіргі жағдайын бүкіләлемдік биоалуандықты сақтау концепциясы тұрғысында жан-жақты зеттеп, оларды тиімді пайдалану, азайып, жойылып бара жатқан түрлерін сақтау және қалпына келтіру, жерсіндіру арқылы жақын және алыс шет елдерден әкелінген бағалы өсімдік түрлерімен еліміздің фитогендік қорын байыту, елімізде жаңа қорықтар ұйымдастыру, түбегейлі зерттеулер жүргізу үшін қазіргі заманғы озық әдістемелер мен техникалық (ғарыштан бағдарлау) жетістіктерді пайдалану, тағы осы сияқты басқа бағыттарында жүргізілді. Қазақстанның табиғи өсімдіктерінің аймақтық мәліметтік базалары, таралу және экологиялық күйінің карталары жасалды, пайдалы түрлерінің табиғи қорларын тиімді пайдалану мен қолдан өсірудің жолдары көрсетілді. Осы зерттеулер нәтижелері мен жасалған ұсыныстар еліміздің табиғатын қорғау, оны тиімді пайдалану және көркейтудің ғылыми негіздері болып табылады. Республикалық және Қазақстанға қатысы бар халықаралық бағдарламалар мен еліміздің заңдарында кеңінен пайдалануда.

Ұстазымыз елімізде аз кездесетін мамандарды, соның ішінде балдырларды зерттеуші - альгологтарды, қыналарды зерттеуші – лихенологтарды, жабайы және мәдени өсімдіктерді зақымдаушы (әсіресе егістік жерлердегі дәнді дақылдарда ауру туғызушы) паразиттік және жеуге жарамды қалпақшалы саңырауқұлақтарды зерттеуші – микологтарды дайындап, диссертациялық тақырыптар таңдап жетекшілік етті. 23 ғылым докторлары, ғылым кандидаттары және PhD – докторлары мен магистрлерін дайындап шығарды.

С. Әбиұлы ғылыми жұмыстарын білім беру саласымен де ұштастыра атқаруда. Жоғарғы оқу орындарында (Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті) студенттер мен магистранттарға 40 жылға тарта уақыт бойы ботаника, микология, фитопатология және экология салалары бойынша жалпы және арнайы курстар оқып келеді. 9 кітаптың, республикалық және жақын - алыс шет ел басылымдарында жарық көрген 250-ден аса ғылыми мақалалардың авторы. Олардың ішінде 2 оқулық, 9 монографиялық жұмыстар (Қазақстанның жаздық бидайы. - Алматы: ҒЗО «Ғылым». 1991. – 176 б.; Қазақстан дәнді дақылдарының сары тат саңырауқұлақтары, – Алма-Ата.1993. – 104 б.; Қазақстан дәнді дақылдарының тат саңырауқұлақтары, – Алматы: Ғылым, 2002. – 296 б.; Алманың ақ ұнтағы және қотыры: ультрақұрылымдық аспектілері, Алматы, ЖШС «ЛЕМ баспаханасы», 2005. – 202 б.; Микологиялық және фитопатологиялық анықтама-сөздік, 2003) бар.

С. Әбиұлы – 1995–2005 жылдары ботаника саласы бойынша докторлық диссертациялық кеңестің төрағасы, Халықаралық және Орта Азиялық ботаникалық бақтар кеңесінің мүшесі, 2000–2004 жж. Қазақстан Үкіметі жанындағы ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссиясы Президумының мүшесі. Қазақстан Республикасы Президенті жанынан құрылған уақытша жұмыс топтарының құрамында «Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар» атты Қазақстан Республикасының заңының жасалуына, соңынан оған өзгерістер енгізілуіне қатысты. Траншекаралық Батыс Тянь-Шаньдық «Биологиялық алуантүрлілікті қорғау» атты жобаның бақылау комитетінің мүшесі,

БҒМ тағайындаған үздік ғалымдарға берілетін стипендияның иегері, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» атты медалімен, Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін медалімен (2004 ж.), Еуропа ғылыми-өндірістік палатасының (Gold medal, 2012) медальдарымен марапатталған.

Қазіргі кезде С. Әбиұлы Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің құрметті профессоры, әріптестерінің және студенттердің сыйлы ұстазы болып қызметін жалғастыруда.

С. Әбиұлы алыс жүргеніне қарамастан біздің Ботаника және фитоинтродукция институтының ғылыми кеңесі мүшелеріне, миколог, альголог ғалымдары мен жас ғылыми қызметкерлеріне өз ақыл кеңесін беріп, ғылыми бағыттар сілтеп, бірлескен экспедицияларға шығып, үнемі байланыста. 2008-2010 жылдары С. Әбиұлы ағайымыздың ұсынысымен және өзінің жетекшілік етуімен Қазақстанның споралы өсімдіктері аз зерттелген Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы, Ақмола облысы Бурабай ауданына Ботаника және фитоинтродукция институтының ғалымдары мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD – докторанттары мен магистранттары қатысқан бірлескен экспедициялар ұйымдастырып көптеген материал жиналды. С. Әбиұлы 2021–2023 жж. «Ресурстық әлеуетті тиімді басқарудың ғылыми негізі ретінде Алматы облысының флорасы мен өсімдік ресурстарының қазіргі экологиялық жағдайын кадастрлық бағалау» тақырыбында Алматы және Жетісу облысы аймағына экспедициялық зерттеу жұмыстарына қатысты.

С. Әбиұлы тек Қазақстандағы ең ірі ғылыми институтты басқарған басшы, көпшілікке танымал атақты ғалым, қаншама шәкірттерге тәрбие тәлім берген ұстаз ғана емес, керемет әнші, домбырашы, басқосып қалғанда көпшіліктің көңілін көтере білетін әңгімешіл, сегіз қырлы бір сырлы - өнерлі жан екені айналасындағыларға белгілі.

Сонымен бірге, ағайымыз қарапайымдылықпен, терең әдептілікпен, адамдарға мейірімді және жылы қарым-қатынасымен, адамды түсіну қабілетімен, тілегімен және оған көмектесуге дайын болуымен ерекшеленеді.

Отбасында жұбайы – Сәуле Асанқызы жеңшемізбен ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, солардан тараған немерелері мен шөберелерін тәрбиелеп, өсіріп, құда-құдағиларымен сыйластық пен құрметке бөленіп отырған жан.

Құрметті ұстазымыз, білікті маман, атақты ғалым, ақылшымыз, кеңесшіміз, ғылыми жетекшіміз Сардарбек Әбиұлын туылған күнімен – 80 жас мерейтойымен Ботаника және фитоинтродукция институтының ұжымы атынан шын жүректен құттықтай отырып, ұстазымызға ұзақ та, қуаныш пен қызыққа толы өмір, мықты денсаулық, отбасына бақыт-береке, жұмысында сәттілік пен мол табыстар тілейміз.